

# Спорттық бағдарламалаудан IT NATION 2024 олимпиадасының қатысушына анықтама

## Жарыс процесі

1. **Мәселені шешу:** Мәселелер ұсынылған шешімнің дұрыстығына қарай бағаланады. Қатысушылар өз шешімдерін арнайы жүйе арқылы жібереді, онда олар тест мысалдары арқылы автоматты түрде тексеріледі.
2. **Айып уақыт:** Айып уақыты дұрыс шешімге минуттардың қосындысы ретінде есептеледі және әрбір қате әрекет үшін 20 минут қосылады. Шешілмеген тапсырмалар үшін айып уақыт жоқ. Мысалы, егер А мәселесі 5-ші минутта екі әрекетте шешілсе және С мәселесі бірінші әрекетте 23-минутта шешілсе, басқа есептер шешілмей қалса, жалпы айып уақыты 48 минут болады: А мәселесі үшін 25 минут ( 5 минут + бірінші қатеге 20 минут) және С мәселесіне 23 минут.
3. **Жеңімпаздарды анықтау:** Жеңімпаздар дұрыс шешілген тапсырмалар саны бойынша анықталады. Дұрыс шешілген есептер саны тең болған жағдайда, есептерді аз айып уақытында шешкен қатысушы артықшылыққа ие болады, бұл оған рейтингте жоғары орын алуға мүмкіндік береді.
4. Іріктеу және финалдық турларда қатысушыларға күрделілігі әртүрлі 8-ден 12-ге дейінгі бағдарламалау тапсырмалары ұсынылады.
5. Спорттық бағдарламалау бойынша Олимпиада **codeforces.com** платформасы арқылы <https://itnation2024.contest.codeforces.com> сілтеме бойынша өтеді.
6. Рұқсат етілген бағдарламалау тілдері: C++, Python 3, Java, Free Pascal, C#.
7. Компьютерде Paint, Calculator бағдарламаларын пайдалануға рұқсат етілген.
8. Тестілеу жүйесін пайдалану үшін жақсы интернет байланысы қажет.
9. Қатысушы кез келген орташа классты дербес компьютерді пайдалана алады (мысалы, 8 ГБ жедел жады, кемінде 64 ГБ қолжетімді сақтау орны, кемінде 2 ядросы/4 ағыны бар 2,5 ГГц процессоры).
10. Операциялық жүйе Windows, Linux (мысалы, Ubuntu) немесе басқа болуы мүмкін.
11. Тексеру жүйесімен жұмыс істеу үшін ұсынылатын браузер Google Chrome болып табылады.
12. Қатысушының компьютерлік жабдығының техникалық сипаттамалары бағалаушы компьютерінің техникалық сипаттамасымен бірдей болуы міндетті емес.
13. Қатысушы компьютер экраны мен өзінің бетін веб-камера арқылы жазуы керек. Ұсынылған экран жазу бағдарламалық құралы OBS Studio (<https://obsproject.com/ru/download>) болып табылады. Екі деректер көзін орнату:
  - a. экранды жазу (сіздің экраныңыз)
  - b. бейне түсіру құрылғысы (веб-камера)
14. Қатысушылар кез келген программалау ортасын (IDE) пайдалана алады.
15. <https://itnation2024.contest.codeforces.com> сайтындағы растау жүйесіне кіруге арналған логин мен пароль олимпиаданың басталуына 120 минут қалғанға дейін қатысушыларға жіберіледі. Жүйеге кіру мәліметтері көрсетілген электрондық хат алмасаңыз, ұйымдастырушылармен [itnation2024@gmail.com](mailto:itnation2024@gmail.com) электрондық поштасы арқылы толық аты-жөніңізді, қалаңызды, оқу орнын, сыныпты және WhatsApp байланыс нөмірін көрсете отырып хабарлассаңыз болады.

## Прокторинг (міндетті талап)

Қатысу үшін интернеті бар компьютер, веб-камера және микрофон қажет. Олимпиада кезінде қатысушының экраны мен бетін жазып алу қажет. Жазбалар Google Drive дискісіне немесе YouTube-ке жүктеп салынуы керек және сілтемелер әр турдан кейін 12 сағат ішінде [itnation2024@gmail.com](mailto:itnation2024@gmail.com) электрондық поштасына жіберілу керек - іріктеу кезеңі және өтсе, финалдық кезеңінен кейін де. Электрондық поштаның хатында тақырып жолында қатысушының толық аты-жөнін көрсетіңіз. Қазылар алқасы күдікті әрекеттер

үшін дисквалификация жасауға құқылы.

### **Олимпиада кестесі**

Спорттық бағдарлама бойынша **іріктеу туры** 2024 жылдың 2 наурызында сағат 10:00-ден 14:00-ге дейін (UTC+05:00) өтеді.

**Финалдық турға қатысушылар тізімі іріктеу кезеңінің нәтижелері бойынша анықталады.**

Спорттық бағдарламалаудың **финалдық туры** 2024 жылдың 16 наурызында сағат 10:00-ден 14:00-ге дейін (UTC+05:00) өтеді.